




ISSN 1728 - 5461

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК



“ТАРИХ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР” сериясы
серия “ИСТОРИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ”

АЛМАТЫ

№3 (50) 2016

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические
и социально-политические науки»,
№3 (50), 2016

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. У.М. Жолдыбаева,
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова
(ответ. секретари),
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин
(США),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),
д.и.н., проф. Кара Абдиуакап
(Турция),
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов
(Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. В.М. Козьменко
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,
проф. М.Майер (Германия),
д.и.н., проф. К.Р. Несипбаева,
д.и.н., проф. А.Б. Соколов
(Российская Федерация),
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция)

© Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2016

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и
информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 28.11.2016.
Формат 60x84 1/8.
Объем 41 уч.-издл.
Тираж 300 экз. Заказ 209.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Улагат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

Омарбаев Ы.Қ. 1920 жылдары КСРО мен кеңестік Қазақстандағы бұрынғы ақ офицерлерін ерекше есепке алуудың жүзесі: барысы, мәні..... 71
Omarbaev Y.K. System of the special accounting of the former white officers in the USSR and the Soviet Kazakhstan in 1920: course value.
Сұлтанғалиева Г.С., Маликов Б.У. Торғай облысының Ақтобе және Ырғыз уездерінде болыстық құрылымның құрылу ерекшеліктері..... 76
Sultangalieva G.S., Malikov B.U. Features of formation of volost structures in Aktobe and Irgiz districts in Turgay region.
Мийманбаева Ф.Н. Из истории образования старожильческих переселенческих хозяйств в Семирежье..... 79
Miymanbayeva F.N. From the history of old resettlement farms in the Semyrechye.

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

Жұмағұлов Қ.Т., Абдимомынов Н.Т. XIV ғ. 80-жылдарындағы Алтын Орданың саяси-дипломатиялық байланыстары..... 83
Zhumagulov K.T., Abdimomunov N.T. Political and diplomatic relations of the Golden Horde in the 80s of the XIV century.
Калиева Е.Т. Еуразия одағы жаһандық интеграциялық тренд ретінде: геэкономикалық, геосаяси өлшемдері..... 88
Kaliyeva E.T. Eurasian Union as a global integration trend: the geopolitical and geo-economic parameters.
Жубаниязов И.Ш. Взаимодействие цивилизаций Запада и Востока в эпоху эллинизма..... 93
Zhubaniyazov I.Sh. The interaction between the Eastern and Western civilizations during the hellenistic period.
Жаркынбаева Р.С., Абдирайымова А.С. Турция и новые независимые государства Центральной Азии: преемственность опыта социальных преобразований..... 97
Zharkynbaeva R.S., Abdirajymova A.S. Turkey and the newly independent states of Central Asia: the continuity of the experience of social transformation.
Майхнев Д.К. Применение вооруженных сил: наступательная операция коалиционных сил в Ираке (2003 г.)..... 104
Maikhiyev D.K. Application of the armed forces: offensive operation of coalition forces in Iraq (2003) year.
Мырзабекова Р.С., Кенжекулова А.Ф. Қазақстан және Түркия Республикасы арасындағы мәдениет пен ғылым саласындағы байланыстардың алғашқы кезеңдері..... 110
Myrzabekova R.S., Kenzhekulova A. Initial stage between the republic Turkey and Kazakhstan in the cultural and scientific sphere.
Сайфулмаликова С.С., Мұхажанова Қ.М. Хойт Амурсана: негізгі деректер мен зерттеулер..... 114
Saifulmalikova S.S., Mukhazhanova K.M. Hoyt Amursana: main sources and researches.
Сманова А.М. Бірінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі Түркиядағы ішкі саяси өзгерістер..... 120
Smanova A.M. Internal political situation in Turkey After the First World war.
Шаймарданова З.Д., Адам Д. Экономический Пояс Шелковый Путь: новая геополитическая карта евразийского континента..... 124
Shaymardanova Z.D., Adam D. Economic Belt of Silk Way: a new geopolitical map Eurasian continent.

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

ӘОЖ 94 (574) "13"

XIV ғ. 80-ші жылдарындағы Алтын Орданың саяси-дипломатиялық байланыстары

Жұмағұлов К.Т. – *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті академигі*
Абдимомынов Н.Т. – *Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті Философия докторы (PhD)*

Ғылыми әдебиеттерде Алтын Орданың XIV ғ. 80-ші жылдарындағы саяси-дипломатиялық байланыстары аса көп зерттелмеген тақырыптардың бірі. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Алтын Орданың XIV ғ. 80-ші жылдарындағы халықаралық аренадағы саяси ықпалы, Мысыр мәмлүк мемлекетімен, Темір державасымен, Шығыс Еуропа мемлекеттерімен саяси-дипломатиялық байланыстары талданған. Мақаланың маңыздылығы Алтын Орданың XIV ғ. 80-ші жылдардағы сыртқы саясатының жалпы үрдісін айқындау үшін араб-парсы, еуропалық деректері және әмір Темірдің ресми тарихшыларының мәліметтері қолданылған. Тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің ой-пікірлері сарапталған.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Тоқтамыс, Шығыс Еуропа, Мысыр мәмлүк мемлекеті, Темір державасы.

XIV ғ. 2-ші жартысында Шыңғыс-хан ұрпақтары билік құрған моңғол ұлыстарының құлдырауы мен ыдырауына байланысты әлемнің саяси картасы үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл кезеңге дейін Орта Азия территориясындағы Шағатай ұлысы Моғолстан мен Мәуераннахр тәуелсіз иеліктеріне ыдырады. Таяу және Орта Шығыста моңғолдық Хулагу әулеті билік құрған Елхандар мемлекеті де тарих сахнасынан кетіп, өзара жауласқан бірнеше бөліктерге ыдырады. Қытайда моңғол билігіне қарсы ірі көтеріліс оты тұтанып, төңкеріс нәтижесінде 1368 жылы Құбылай әулеті билігінің күйреуіне алып келді. Моңғол ұлыстарының ішіндегі тек Жошы ұлысы, яғни Алтын Орда ғана өмір сүруін жалғастырғанымен 1359-1380 жылдары орыс жылнамаларында «Ұлы дүрбелең» атауымен танымал саяси билік дағдарыс кезеңін басынан кешірді. Алтын Орда ханы Бердібектің өлімінен кейін (1359 ж.) ішкі саяси алауыздықтарға байланысты 20 жылға созылған билік дағдарысында 25 хан бірін-бірі алмастырды. «Ұлы дүрбелең» тек XIV ғ. 80-ші жылдары Алтын Ордадағы саяси билік үшін күресте жеңіске жеткен Тоқтамыс-ханның билікке келуімен аяқталды. Тоқтамыс-хан «Ұлы дүрбелең» кезеңінде әлсіреген Алтын Орда билігін қолына толық алған соң, XIV ғ. 80-ші жылдарынан бастап билік институтын қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Сол кезеңде Тоқтамыс өзінің жарлықтарында өз елін «Улуг Улус», яғни «Ұлы ұлыс» деп атаған [1, с. 98]. Сондай-ақ, мемлекеттің біртұтастығын сақтау және Алтын Орда билігі үшін күрескен Тоқтамыс халық алдында өзінің қабілетті және жігерлі көшбасшы екенін дәлелдей білді. «Бүркеншік Ескендір» мәліметіне сәйкес, Тоқтамыс шайқастарда аса қайратты батыл болған және қабілетті, аса жігерлі, қарым-қатынастарда сыпайылығымен көзге түскен көрікті патша болған дейді. Әділеттілігі мен сыпайы мінез-құлқы күллі жұртқа мәлім еді делінген [2, с. 132]. Алтын Ордадағы соңғы 20 жыл ішіндегі саяси дүрбелең салдарынан мемлекеттің әлемдік саясаттағы ықпалының әлсіреуі, территориялық жағынан ыдырауы, одақтастары мен вассал-сателлиттерінен айырылуы, ғасырлар бойы мүдделілік танытқан аймақтардағы саяси-экономикалық ықпалының әлсіреуіне алып келді. Осыған орай, Тоқтамыс-хан халықаралық аренадағы Алтын Орданың бұрынғы күш-қуаты мен саяси ықпалын қалпына келтіру мақсатында сыртқы саясатта батыл саяси қадамдар жасаумен қатар, бұрынғы одақтас елдермен дипломатиялық байланысты қайта жандандыруды көздеді. Еуразия даласында соңғы жылдары болған оқиғалар көрсеткендей, Тоқтамыс әкімшілігі үшін сыртқы саясатта дипломатиялық әдістермен қатар, тікелей әскери іс-қимылдарға көшуге мәжбүрледі. Әсіресе, XIV ғ. 80-ші жылдарына қарай Тоқтамыстың мүддесі қуатты қарсыласына айналған ортаазиялық билеуші Темір мүддесімен қарама-қайшы келген тұста оның тікелей әскери қимылдарға көшуіне тура келді. Тоқтамыс-хан әскери жағынан күш-қуаттылығын қалпына келтіре отырып, Алтын Орданың әлсіреген сыртқы саясатын белсенділікпен қайта жандандыра бастады. Тоқтамыс өзінің сыртқы саясатының батыс бағытында Яғайлоның Алтын

Орда ішіндегі саяси дүрбелең кезеңінде иемденіп алған орыс және татар жерлері үшін алым-салық төлетіп тұруына қол жеткізді [3, с. 324]. Сондай-ақ, осы кезден бастап, Литва мен Польшаның Алтын Орданың вассалдық аймағы болған Русь жерлеріне экспансиясы тоқтатылды.

Тоқтамыс-хан басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын жақсарту, шекаралық аймақтарда орналасқан мемлекеттермен қарым-қатынасының бағытын айқындады. Сонымен қатар, Тоқтамыс-хан мемлекеттің экономикалық жағынан күш-қуаттылығын қалпына келтіру мақсатында халықаралық сауданың ірі бағыттарын бақылауға алу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеді. Осыған байланысты Тоқтамыстың сыртқы саясатының негізгі бағыты Оңтүстік Кавказға да бағытталды. Өйткені, нақ осы территория арқылы трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын бақылау дүрбелең кезеңінен кейінгі Алтын Орданың күш-қуатын қалпына келтіру үшін экономикалық жағынан маңызды аймақ болды. Осыған байланысты, Тоқтамыс мемлекеттің экономикасын қорғау үшін трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын бақылауды қолына алуға ұмтылды [4, с. 62]. Сондай-ақ, осы экономикалық мақсатты жүзеге асыру үшін Тоқтамыс үкіметі Дешті Қыпшақ территориясынан өтетін трансконтиненталдық сауданың солтүстік бағытындағы Ұлы Жібек жолының маңызын қайта көтеріп, оны ары қарай дамыту мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеді [5, 241-242 бб.]. Батыс көршілерімен қарым-қатынасын қалпына келтіру жолында Тоқтамыс хан Алтын Орда территориясын біріктіру жолында жүргізген күресі кезінде Мамай Ордасын талқандап, Мәскеуді жаулап, оның вассалдық қатынасын қалпына келтіру арқылы мемлекеттің әскери күш-қуатын көрсетудің өзі жеткілікті болған еді. Бірақ Тоқтамыстың сыртқы саясатының оңтүстік бағыты бойынша Кавказ жеріне қатысты саясатында Жошы ұлысының саяси және экономикалық мүддесі ортаазиялық билеуші Темірдің саясатымен қарама-қайшы келген тұста Алтын Орда ханының онымен ұзақ уақыт соғысуына тура келді. Тоқтамыс ханның сыртқы саясатын жан-жақты қарастырмас бұрын, ең алдымен, Алтын Орданың саяси өміріндегі екі партияның айқын ерекшеленуіне назар аудару қажет. Бірінші партия – бұл Алтын Орда феодалдарынан құралған Тоқтамыс хан саясатын қолдаушы топ. Тоқтамыс жақтастары елде қатаң орталықтандыру жүйесін құруды қалады. XIV ғ. 60-70-ші жылдары ұлыстық жүйе мемлекеттің тұтастығы үшін үлкен қауіп тудырған еді. Орталық биліктің әлсіздігі ұлыстардың жік-жікке бөліну мүмкіндігін туғызды. Мұндай жағдай ұлыс әмірлер тарапынан дүрбелең кезеңінде анық байқалды. Осыған байланысты Алтын Орда феодалдарының бір бөлігі мемлекетті нығайту үшін елді басқаруды орталықтандырылған түрде жүзеге асыруды қалады. Ал келесі топ – бұл саясатқа қарсы шығып, бұрынғы ұлыстық жүйені сақтай отырып, билікті автономдығын сақтап қалуды қалады. Осы екінші партияның негізгі өкілдері жөнінде Тоқтамыс ханның Яғайлоға жазған хатында сипатталған [1, с. 21, 37]. Низам ад-дин Шами және Шереф ад-Дин Йезди мәліметтеріне сәйкес, маңғыт феодалдары бастаған топ Тоқтамыс ханға жүгінуге мүмкіндік тауып оған «ақылға сыйымсыз ақыл-кеңестер» айта бастаған [2, с. 109, 152]. Ал Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» Тоқтамыс ханды Шайбан ұрпақтары қолдағаны сипатталған. Ал маңғыт тайпасы Шайбан ұлысында да мекендеген. Демек, екі партияда да түрлі ұлыстардың феодалдары болған. Тоқтамыс жақтастары қатарында қоңырат, бахрин, маңғыт және тағы басқа тайпа өкілдері болған. Сонымен қатар, осы тайпалардың өкілдері арасында Тоқтамыстың қарсыластары да болған. Мысалы, Едігеннің бауыры Исабек Тоқтамыстың ықпалды жақтастарының қатарында болса, Едіге қарсыластар қатарында болды. Тоқтамыстың идеологиясын барлық феодалдар қабылдамаған. Тоқтамыстың қарсыластары болса, өз көзқарастары бойынша бір топқа да келмеген. Бұл жөнінде бұл партияның бірқатар бөлігі Темірмен бірігіп әрекет етуге қадам жасаса, екінші бөлігі ортаазиялық билеушімен байланыс жасауды қаламаған [4, с. 94]. Бірақ жоғарыда аталған екі партия сыртқы саясатта аса үлкен алауыздық танытпаған. Сыртқы саясатта Тоқтамыстың жүргізген саясатын Едіге және Шәдібек екеуі де жүргізді, яғни Дешті Қыпшақта өз билігін нығайтқан соң, Хорезмді және Ширванды қайтарып алуды мақсат етті. Бірақ XIV ғ. 80-ші жылдардың басына қарай Тоқтамыстың жақтастары күшейе түсті. Тоқтамыс үкіметі реформалар жүргізе отырып, орталық билікті нығайта бастады. Дегенмен, жазба деректердің аздығы бұл мәселе бойынша жан-жақты қарастыруға мүмкіндік бермейді, бірақ шамасы осы кезде ұлыс әмірлерінің билігі шектеле түскен. Бұған Тоқтамыстың Русь жеріне жүргізген саясаты дәлел бола алады, яғни 1382 жылдан кейін құқығы аса шектелген. Бұдан кейін ұлы князь ұлдары Сарайға келіп ретінде аттандырылған [6, с. 274]. Ал орыс князьдерінің өздері Тоқтамыс ханның әскери жорықтарына қатынаса бастаған [7, с. 220].

Тарихи жазба деректерде Тоқтамыстың батыс бағытында жүргізген саясаты жөнінде мәліметтер мардымсыз, алайда Тоқтамыстың әрекеттеріне қарап Алтын Орда дипломатиясының белсенді рөл атқарғаны белгілі. Польша билеушісі Яғайло XIV ғ. 60-70-ші жылдары басып алған орыс жерлері

үшін алым-салық төлеуге міндеттелді [8, с. 404]. Зерттеушілер Токтамыстың Ягайлоға жазған хатының мәліметіне сүйене отырып, Ягайлоны Токтамыстың вассалына айналды деп қорытынды жасайды. Шындығында, Токтамыс пен Ягайло арасында теңсіздік байқалады. Бұл Токтамыстың Темір-Құлтықпен күресі кезінде Витовтың Токтамысты толықтай қолдағанынан да байқалады. Литва Алтын Орданың сателлиті болуы әбден мүмкін және хаттың мазмұнына сүйене отырып, бұл жағдай Литваның Польшамен бірігуінен кейін де жалғасқан [4, с. 96]. Токтамыс ханның сыртқы саясаты Алтын Ордадағы дүрбелен кезінде оның бірқатар территориясын иемденген Молдавия князьдігіне де қатысты болды. Біз бұл бағыттағы саясаттың қол жеткізген нәтижелерін білмейміз, бірақ Токтамыстың саясаты мен мақсатын есепке ала отырып, оның үкіметінің татар территорияларын иемденген валахтар мәселесін жай ғана қалдырмауы мүмкін емес. Молдавия князьдігінің олауақытта Литва тарапынан аса күшті саяси ықпалында болғанын есепке ала отырып, оның Алтын Орда мемлекетінің сателлитіне айналғанын шамалауға болады. Бұған жанама мәліметтер де дәлел бола алады. Ворскледегі шайқаста Токтамыс жағында молдавиялық жасақтар қатынасқан. XIV ғ. 80-ші жылдарының басына қарай Токтамыстың сыртқы саясаты белсенді және нәтижелі бола бастады. Бірақ 1385 жылдан кейін батыс көршілерімен қарым-қатынасының қалыптасқаны жөнінде нақты деректер жоқ. Дегенмен, Жошы ұлысы Темірден ірі жеңіліс тапқанына қарамастан, Токтамыс олардың тарапынан қолдауға ие болып отырған. 1385 жылдан бастап Токтамыс ханның сыртқы саясаты толық түрде Темірге қарсы күреске бағытталды. Литва бұл уақытта еуропалық саясатқа тартылып, 1385-1386 жылдары Польша-Литва униясы ретінде құрылды [9, с. 131]. Ал 1428 жылы Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтаны Ғази Мұратқа жазған хатында былайша: «біздің бабамыз Токтамыс хан сіздің бабаңыз Ғази Баязид-бикпен достық қарым-қатынаста болып, олардың арасында елшіліктер алмасып, тарту-таралғы және сәлемдеме жасалып отырған», – делінген [4, с. 97]. Мұның барлығы Алтын Орданың Османлы сұлтандарымен достық қарым-қатынаста болғанына дәлел бола алады.

Токтамыс билігі кезеңінде Алтын Орда бұрынғы Мысыр мәмлүктерімен тығыз достық қарым-қатынасты қайта жандандырды. Мысыр мемлекеті сол кезеңде де әлемдегі қуатты және жетекші державалардың бірі ретіндегі дәрежесінен айырылған жоқ еді. Токтамыс ханның Мысырмен достық одақтастығын қайта жандандыруға деген әрекетін Мысырға жіберген елшілігі растайды. Ибн Дукмак мәліметі бойынша, оның елшілігі Мысырға 786 х.ж. (1384/85 ж.) келген [10, с. 329]. Ал әл-Макризи мәліметі бойынша, Токтамыс елшілері Мысырға 1384 жылдың 24 қаңтарында келген еді. Бұл маңызды келісім жасауға аттандырылған елшілердің аты-жөні деректерде кездеспейді. Алтын Орда елшілерін күтіп алу үшін олардың алдынан сұлтанның билеуші өкілі әмір Судун және давадар әмір Жүніс шықты. Елшілерді арнайы орналастырған соң, олар сұлтан аудиенциясына дүйсенбі күні 1385 жылы 30 қаңтарда барды. Әл-Макризи мәліметі бойынша, олар өздерімен бірге сұлтанға арнайы сыйлық ретінде: жеті жыртқыш қыран құс, жеті түк [түрлі] маталар мен бірнеше құлдарды тарту етіп, олардың алып келген хаттарын оқыған кезінде, «олардың Қырым билеушісінің елшілері екендігі белгілі болды», – дейді [10, с. 441]. Бұл фактілік мәліметтер әл-Калкашанди еңбектерінде де сипатталған. Осылайша, ең алғашқы елшілік Токтамыстың өзінен емес, оның билеуші өкілінің атынан барған. Алайда Ибн Хаджара әл-Аскалани мәліметі бойынша оқиға біршама басқаша сипатталады: «786 х.ж. (24.02.1384-11.02.1385) [Мысырға] Дешті Қыпшақтың сұлтаны Токтамыс хан елшілері келді. Олардың арасындағы шені жоғарысы Рамадан ұлы Хасан болды. Оның әкесі Қырымның билеуші өкілі болды. Олармен бірге Қырым билеушісі түрлі сыйлықтар жібергені екен, ол қабыл алынды», – деген [11, с. 325]. Шамасы, Рамадан толық аты Зайн-ад-дин Рамадан Токтамыс сарайында аса беделге ие болып, тіпті оның басқа мемлекеттермен келісім-шарт жасау құқығын да пайдалануына қарағанда, жеке өзі Мысыр сұлтанымен қарым-қатынасқа түсіп, оған сыйлықтар жіберген секілді. Әл-Калкашанди мәліметі бойынша, елшінің жеткізген хаты Алтын Орда ханының атынан келмегенін анықтаған әл-Бадр ибн-Фадлаллах атты шенеунікке өзінің қырағылығы үшін дәрежеге ие болып, ал елшіні төменгі дәрежедегі билеуші елшісіне арналған жайға орналастырғаны жөнінде сипатталған [12, с. 94].

Токтамыс хан атынан оның арнайы ресми елшілігі Мысырға 1385 жылы көктемнің басында келіп, ол сұлтан тарапынан аса үлкен құрметпен қарсы алынды. Әл-Аскалани мәліметі бойынша, 787 х.ж. сафара айында (14 наурыз-11 сәуір 1385 ж.) Токтамыс елшілері келіп, өздерімен бірге Темірдің де жіберген сыйлықтарын бірге ала келді. Токтамыс елшілерінің Темірдің де сыйлықтарын алып келді деп ескертілуі, оның сол кезеңдегі Алтын Орда өміріндегі Темірдің ерекше рөлін сипаттайды. Шамасы Мысыр сұлтанына Темір өзінің Токтамысты таққа отырғызудағы тікелей қолдауы мен хан әкесі ретінде оның қамқорлығын көрсеткісі келген секілді. Бұған жауап ретінде Мысыр сұлтаны

Алтын Ордаға 1386-1387 жылдары елшілігін жіберді. Мысыр елшілігін хаджиб Кадид және Бектемир ал-Алаи бастап барды [10, с. 452-453]. Бұдан кейін ұзақ уақыт бойы Алтын Орда мен Мысыр арасында елшілік алмасу болмаған. Оның себебі Тоқтамыс пен Темір арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты болған еді. 1389-1391 жылдар аралығындағы Темірдің қуатты шабуылдары оның басқа мемлекеттермен байланыстарын тоқтатуға мәжбүр етті. Алайда Темір Мысыр мемлекетіне тікелей қауіп төндірген соң, Тоқтамыс жалғыз өзінің қуатты жаулаушыға қарсы күресудің қиын екендігін түсінгендіктен, Мысыр сұлтаны әл-Мәлік аз-Захир Сайф ад-дин Баркукқа оған да қауіп төндірген қуатты дұшпан Темірге қарсы бірігіп күресу туралы ұсыныспен елшілік аттандырды [10, с. 363]. Алтын Орда елшілігі Дамаскіге 1394 жылы 26 наурызында келді [10, с. 448]. Бұған дейін Мысыр сұлтаны 1394 жылы ақпанда Темірден қокан-лоқы түрінде ескерту хат алған еді. Темір оған оның бас иіп, билігін мойындауын талап етіп, егер оған көнбейтін болса, сұлтан әл-Мәлік аз-Захир Баркуктың иелігін талқандайтынын айтып қауіп төндірген еді. Бірақ Мысыр сұлтаны оның бұл талабын орындаудан бас тартты [10, с. 142-144]. Осыдан кейін Темір мен Баркук арасында соғыс басталу да ықтимал болды. Мысыр сұлтаны да соғысқа дайындыққа көшіп, Сирия жеріне қарай әскерін жібергені жөнінде тарихи деректерден белгілі. Осы кезеңде жоғарыда аталған Алтын Орда елшілері де Каирге келген еді. Сондай-ақ, осы уақытта Османлы сұлтаны Баязидтен және Сивас билеушісі қазы Бурхан ад-дин Ахмадтан да елшілер келді. Мысыр сұлтаны әл-Мәлік аз-Захир Баркук қуатты үш билеушінің елшіліктерін және олардың Темірге қарсы одақ құру жөніндегі ұсыныстарын қабыл алды [10, с. 453]. Сұлтанның Тоқтамыс ұсынысына деген құптарлық жауабы Шамс ад-дин Мухаммед ибн Айастың жылнамасында сипатталғаны белгілі. Алайда 1394 жылы күткендегідей Мысыр сұлтаны мен Темір арасында әскери қақтығыс болған жоқ. Осы жылдың күзінде әл-Мәлік аз-Захир Баркук Темірдің өз иелігіне қайтқаны жөнінде хабар алды. Тоқтамыс жіберген алтынордалық елшілікке жауап ретінде Мысыр сұлтаны Тоқтамысқа да елшілік аттандырды. Тарихи деректер арқылы, Мысыр елшілігі Алтын Ордаға Темір мен Тоқтамыс арасындағы соғыста соңғысының талқандалған 1395 жылы оқиғаның қызған кезінде келгені белгілі [10, с. 330]. Алтын Орда астанасы Сарайға Тоқтамыс әскерінің жеңілгендігі жөнінде хабар келген соң, Мысыр елшілері Темірдің қолына түсіп қалмас үшін кері қайтуға асығыстық танытты. Олар алғашында Қырымға (Солхат) келіп, одан кейін Кафаға барды. Осы жерде елшілерді Кафа билеушісі ұстап алып, тұтқыннан босату үшін құн төлеуді талап етті, олар үшін құн төленген соң босатылды. Бұдан кейін елшілік Самсунға барып Темірдің Қырымды жаулап алуына дейін сол жерде болды. Кафадағы хан билеуші өкілінің екіжақты саясат ұстанғанына қарамастан, Темір оған рақымшылық жасаған жоқ. Елшілік Мысырға тек 1395 жылы 18 наурызында ғана кері оралды [10, с. 363]. Бұл Мысыр сұлтанының Тоқтамысқа жіберген соңғы елшілігі еді. Өкінішке орай, бұл елшіліктің саяси мәселе бойынша қандай да бір жетістікке жеткені жөнінде нақты мәлімет жоқ.

Сонымен, Тоқтамыс билікке келген соң, оның үкіметі қысқа ғана уақыт ішінде сыртқы саясатта біршама жетістіктерге қол жеткізді. Тоқтамыстың халықаралық саясаты сол кезеңдегі Жошы ұлысының геосаясатында жетекші рөлге ие болғанын көрсетеді. Тоқтамыс хан жөнінде айтып өткен Клавихо сол кезеңде Алтын Орданың еуропалық мемлекеттер үшін қауіп тудырған Осман империясынан да қуатты мемлекет болғанына назар аударған [13, с. 340]. Мұның барлығы Жошы ұлысының халықаралық геосаясаттағы орны мен рөлінің маңыздылығын көрсетеді. Бастапқы кезеңде сыртқы саясаттағы Тоқтамыстың алғашқы қадамдары сәтті болып, Алтын Орда Еуразиядағы жетекші орынға қайта ие болды.

Қазақстан тарихы, түркі әлемі және Орталық Азия тарихы үшін Рим Папалары мен Алтын Орда хандарының арасында жазылған хаттар құнды болып табылады. Бұл мәліметтерді профессор Қ.Т.Жұмағұлов Ватиканда, Ватиканның Апостол кітапханасының қорлары мен бөлімдерінде (Biblioteca Apostolica Vaticana) ғылыми – ізденіс жұмыстарын жүргізген уақытта тапқан [14].

1 Березин И.Н. Ярлык хана Золотой Орды Тохтамыш хана к польскому королю Ягайлу // Ханские ярлыки. К: Типография И. Коковина, 1850. – 72 с.

2 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработ. А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волным. – М.-Л., 1941. – Т. II. – 308 с.

3 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 473 с.

4 Миргалеев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Тохтамыш-хана. – Казань: Алма-Лит, 2003. – 164 с.

5 Абдимомынов Н.Т. Алтын Орданың сыртқы саясатының өзекті мәселелері. Монография. – Тараз: ТИГУ баспасы, 2014 – 310 б.

- 6 Вернадский Г.В. Монголы и Русь / пер. с англ. Е.П. Беренштейна, Б.Л. Губмана, О.В. Строгановой. – Тверь: ЛЕАН, М.: АГРАФ, 1997. – 480 с.
- 7 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М.: Наука, 1985. – 246 с.
- 8 Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Саранск: Мордовское книж. изд-во, 1960. – Вып. 9. – 276 с.
- 9 Spuler B. Die Goldene Horde. Die Mongolen in Rußland, 1223-1502. 2., erweiterte Auflage. – Wiesbaden: Otto Harasowitz, 1965. – 638 s.
- 10 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. В.Г. Тизенгаузена. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – Т.1. – 563 с.
- 11 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем. – А.: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 709 с.
- 12 Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М.: Наука, 1966 – 160 с.
- 13 Клавихо Г. История Великого Тамерлана // Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния. – М.: Гураш, 1992. – С. 299-344.
- 14 Жумагулов Қ.Т. Түркілер мен қазақтар тарихына қатысты жаңа батыс деректер. Қазақ хандығынан – «Мәңгілік елге». - Алматы, «Әлем әдебиеті», 2015. – Б. 87-91.

Резюме

Политические и дипломатические связи Золотой Орды в 80-е гг. XIV в.

К.Т. Жумагулов – *Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор*

Н.Т. Абдимомынов – *Таразский инновационно-гуманитарный университет, доктор философии (PhD)*

В статье исследуются политические и дипломатические связи Золотой Орды времен правления хана Токтамыша, после того как Золотая Орда восстановила свою силу и мощь, пережив ряд политических потрясений в 60-70-е гг. XIV века. В связи с этим проведен обобщенный анализ политических взаимоотношений Золотой Орды с Литвой, Польшей, государством мамлюков в Египте, противостояния Токтамыша и Тимура, с целью восстановить политическое влияние Золотой Орды на мировой арене. Важность данного исследования заключается в том, что авторами, для выявления общей тенденции во внешней политике Золотой Орды, рассмотрены в совокупности арабско-персидские, европейские источники, источники из трудов официальных историков Амира Тимура.

Ключевые слова: Золотая Орда, Токтамыш, Восточная Европа, государства мамлюков Египта, империя Тимура.

Summary

Political and diplomatic relations of the Golden Horde in the 80s of the xiv century

K.T. Zhumagulov – *al-Farabi Kazakh National University, Dr. Professor*

N.T. Abdimomynov – *Taraz University of Innovation and Humanities, PhD*

The article examines the Political and diplomatic relations of the Golden Horde during the reign of Khan Toktamysch after the Golden Horde had regained its strength and power, after having experienced political turmoil of 60-70s in the XIV century. Therefore, a generalized analysis of political relations of the Golden Horde with Lithuania, Poland, the Mamlyuk state in Egypt, Toktamysch and Timur opposition, in order to restore the political influence of the Golden Horde in the world, is conducted. The importance of this study lies in the fact that the authors accumulated the Arab-Persian, European sources, sources from the works of official historians of Amir Timur in order to identify common trends in the foreign policy of the Golden Horde.

Key words: The Golden Horde, Toktamysch, Eastern Europe, Mamlyuk States of Egypt, the empire of Tamerlan.